

**Қарағанды мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, ж.ғ.м.
К.Е.Кервенев; МЖАТ факультетінің 2 курс студенті Торғаева А.К.**

*Академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қазақстан*

Заманауи әлемдегі педагог

Баланың тұлға болып қалыптасуында ата-анасымен қатар, мұғалімнің де рөлі зор екені сөзсіз. Қиындығы көп, қызығы мол ұстаздық қызметтегі тынымсыз еңбек, таусылмас төзім мен шынайы сезім бірлігін, өн бойына аса ауыр салмақты жүктеген, жүрекпен сөйлеп, жүрекке жеткізетін Ұстаз қадірін Мағжан Жұмабаев «...Алты Алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдердікі» деп, дәл тауып айтқан.

Ұстаз – ұлағатты сөз, ұстаз – ұлағатты адам. Мен үшін ұстаздардың орны ерекше, өйткені барлық мамандықтың бастауы – мұғалім деп ойлаймын. «Өмір – теңіз, онда жүзем деменіз, ізгіліктен жасалмаса кемеңіз» деген А. Рудаки даналығында . Ендеше, баланың жан-дүниесі өте нәзік, жүрегі ізгілікке толы. Өр бала – жеке тұлға, бір-біріне ұқсамайтын, жаңалықты асыға күтетін, жасырын талант иелері. Сол талантты бала жүрегіндегі ізгілікті шынайылықпен тани білетін жаңа әлемдегі заманауи ұстаз қандай болуы керек? – деген сұрақ туындайды.

Қазақстан Республикасының жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамасында «Жаңа формация мұғалімі – кәсіби дағды мен педагогикалық дарыны қалыптасқан, жаңалыққа құмар, рухани адамгершілік дүниесі бай, шығармашылықпен жұмыс істейтін жеке тұлға» деп көрсетілген, атап айтқанда, ол – ізгілігі мол, әр іске жаңашылдықпен, үлкен ізденіспен зерттеуші ретінде қарайтын, ақпараттық технологияларды жетік меңгерген коммуникативті, толыққанды құзырлы адам [1].

Республикамыздың тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғыру – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан

халқына Жолдауында білім беру ұйымдары жастарға жалаң білім беріп қана қоймай, алған білімдерін өмірдің түрлі жағдайларында пайдалана алуды үйретуі керек екендігін баса айтқан болатын.

Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтері белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға айтылған мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарында.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші.

Мұғалімнің шеберлігі уақытпен санасады десек те, адам көкірегінде арман болары, сол арманын көрсету арқылы оқушыны да арман көкжиегіне қызықтыра көз тіккеше білгені жөн. Қазіргі заман мұғалімі мынадай талап деңгейінен көрінеді: Мамандығы бойынша негізгі дайындығы болуы, адамдардың адамға, қоғамға қатынасын реттейтін құқықтық және этикалық нормаларын білуі, қазіргі білім беру технологиясын пайдалана отырып, жаңа білім алуы және өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыра білуі, компьютерлік техниканы жоғары меңгерген, ғылыми іскерлік, қоғамдық-саяси және тұрмыстық тілдер ауқымында мемлекеттік және шетел тілдерінде сөйлесе білуі.

Жаңа замандағы ұстаздың кәсіби мәдениетінің сипаттары: кәсіби қасиеті, моральдық-этикалық қасиеті және психологиялық даярлығына байланысты [2].

Қазақтың ұлы педагогі, психологі, ағартушы, Ж.Аймауытов «...Баланың ақылы, сезімі, қайраты мұғалімнің жігерлі ықпалы арқасында жетіледі. Мұғалім балаларына салақ, селқос қараса, олардың жан қуатын кемітіп, тәрбие де бере алмайды» деп, мұғалімнің бала алдындағы үлкен жауапкершілігін атап көрсеткен және де әр баланың психологиялық ерекшеліктерін ескеруі қажеттігін аңғартқан.

Қарап отырсақ, білімі терең және жоғары мәдениетті, ғылым мен техниканың жетістіктерін игерген оқушының өзін-өзі тануға ұмтылуына,

ізденуіне жол ашу – мұғалім алдындағы үлкен міндет. Өмірде дұрыс жол табуы үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдауы керек.

Демек, бүгінгі мектептің алдына қойған ең басты мақсаты – қазіргі заманның өркениетті, прогресшіл бағытына сай азаматтық, рухани адамгершілік қасиеті мол, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу.

Жеке адамның бойындағы ар-ұяты, ақыл-ойы, адамгершілігі, басқа адамдармен қарым-қатынаста, мәдениеттілікті тәрбиелеуде отбасы алғашқы қадам. Сондықтан, отбасы өте қажетті, басқадай ешнәрсемен өзгертуге (ауыстыруға) болмайтын баспалдақ. Отбасы– сыйластық, жарастық арнаған орта. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі – бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Отбасының әрбір мүшесі, өзара сөйлесіп, не болмаса ата-ананың, баланың міндетін атқару ғана емес береке-бірлік, сүйіспеншілікпен араласса, босағасы берік, шаңырағы биік отбасына айналары сөзсіз.

Адамдар арасындағы қарым-қатынаста адамгершілік, әдеп-инабат үрдістерінің қаншалық кең жайылып, терең тамырлануы, ең алдымен, олардың жекелеген отбасында өркен жаюына, яғни баланың ата-анасын жан-жүрек қалауымен, саналы түрде ардақтап, құрметтеуіне, инабат тағылымын үлкендерден үйрене отырып, олардың өздеріне деген қарым-қатынастарында мүлтіксіз жүзеге асырып отыруларына байланысты.

Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «... Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, заман сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы

үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудең берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын» [3].

Отбасы дәстүрі халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс-салт ерекшеліктері мен өзіндік психологиясынан бастау алуы қажет. Халықтық тәлім-тәрбиемізге ерекше әсері бар ата-дәстүр, халық педагогикасының ұлттық ерекшеліктерін және оның өзгелерден келетін көшірмелерге көне бермейтін тектілігін де қалыптастырады.

Мұғалімнің педагогтік әдебі, шеберлігі әр баланың дара қасиетін ескере отырып таңқалдыруға жұмсалуды қажет. «Баланы таңқалдыруды ұмытпа, даналық таңқалудан басталады» дейді даналар. Әрбір бала – халқының тұлғасы, сондықтан халықты жасайтын да мұғалім. Рухани адамгершілігі мол мұғалімнің келбеті оның адамдығы мен маман ретіндегі білігінің үйлесімінен тұрады. Олай болса, жаңа әлемдегі заманауи мұғалімнің осы деңгейден шыға алатынына сенімдімін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім жөніндегі» Заңы. 27.07.2007. - № 319-3 б.

2. Алпысов А.Қ., Кервенев Қ.Е. Мектепте математиканы оқытудың тәрбиелік мәні. Педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру: дәстүрлер мен инновациялардың өзара әрекеттесуі. Респ.ғылыми-тәжірибелік конф. материалдары. (23-24 қазан 2018ж.)- Қарағанды, 2018. – Б. 173 - 178.

3. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // «Егемен Қазақстан», 12 сәуір, 2017 жыл